

# А И Қ Ы Н

**ҚЫДЫР АТА ЕМІНІҢ ҚҰПИЯСЫ НЕДЕ?**



**2011 жылдан бері жыл сайын «Халықтың сүйіктісі» ұлттық жүлдесі өткізіліп жүр. Бұл жүлденің басты мақсаты – қоғамымыздағы ең белсенді адамдарды анықтап, марапаттау. Жекеменшік жүлде. Жыл сайын бірнеше номинацияда жаңа адамдарды, жаңа таланттарды анықтап, қоғамға таныстырып, марапаттау рәсімін өткізеді. Таяуда ғана осы ұлттық жүлденің «Жетістік пен даму» аталымы бойынша Ақтөбе қаласында тұратын көріпкел, емші, халықтың өзі «Қыдыр ата» деген ат берген Жанарыс Еңсепов жеңімпаз атанды.**

Сонымен, аталар аманатын арқалаған, халық Қыдыр ата деп атап кеткен Жанарыс Еңсепов кім десеңіз, ол – емделген көпшіліктің ықыласына бөленген ерекше емші, табиғи дарын иесі, шын шипагер. Сол дарынын, ерекше қасиетін бұрынғы кеңестік елдерді айтпағанда, алыс шетелдерге дейін танытқан, мойындатқан. Жұмбақ жан. Феномен. Бұдан 20 жыл бұрын дәрігерлердің салғырттығынан перзентханада қос ананың сәбилері бір-бірімен ауысып кетеді. Оны ата-аналары сезбеген. Сол кездегі қос сәби бойжетіп, жиырмаға келгенде барып шын әке-шешесімен табысты. Олардың бір-бірімен қайта табысуына аян арқылы бірден-бір себепкер болған жан – осы емші Жанарыс Еңсепов. Ол өзіне қызымен бірге емделуге келген әйелге: «Мынау сенің қызың емес» дейді бірден. Ата-анасы шошып кетеді. «Қызың перзентханада ауысып кеткен. Жақында шын қызыңды табасың. Сенбесең, ДНК сараптамасын тексерт» дейді. Айтқанындай, ана өз жатырынан шыққан қызын тауып алады. ДНК сараптамасы сәйкес келеді. Олардың қалай табысқаны республикалық телеарналардан көрсетілді. Белгілі күйші, композитор Жасарал Еңсепов марқұмның туған інісі болып келетін Жанарыс 1962 жылы Қызылорда облысының Сексеуіл стансасында дүниеге келген. Сексеуіл – Арал қаласынан солтүстік-батысқа қарай 53 шақырым жердегі ең үлкен кент. Әкесі Жақсылықтың мамандығы теміржолшы болғанмен, өз заманының сал-серісі, күйшісі болған. Анасы Ханшайым екеуі он бала тәрбиелеп, өсірген. Жанарыс Сексеуілдегі орыс-қазақ мектебін бітірген соң екі жыл депода жұмыс істеген. 1981-1983 жылдары әскерде азаматтық борышын атқарған. 1984 жылы Ақтөбе қаласына келіп темір жолда жұмыс істеген. 1986 жылы отбасын құрған. Бес баласы бар. Емшінің айтуынша, 1992 жылы отыз жасында жетінші атасы Сартай батыр түсіне еніп, «халықты емдейсің, әйтпесе, өлесің» деп шарт қояды. Кәдімгі «Мың бала» фильміндегі Сартай батыр. Сартай батыр он бес жасында 1000 баладан жасақ құрып, Аңырақай шайқасына қатысқан. Сол жетінші атасы түсіне еніп, аян бергеннен кейін аруақ қонып, халықты емдеумен айналысады. Бүгінде айтсаң, тура аңыз секілді. Ақтөбе қаласында тұратын емшінің есігі күні-түні емделушілерден босамайды. Олардың ішінде елге танымал кісілер, депутаттар, мемлекет қайраткерлері де бар. Испания, Қытай секілді шетелдерден де азаматтар жыл аралатып емделуге келіп тұрады. Барлығы Жанарыс емшінің науқастарды емдеудегі ғажайып қасиеттеріне, көріпкелдігіне тәнті. Айтсаң, тағы да аңыз секілді. Ресейден дертіне шипа іздеп келген (жатырға түскен обыр ауруы) Ресей азаматшасына «Қазақстанның Өнұранын жатта, жазыласың» деген шарт қойған. Адам жаны үшін не істемейді, оған керегі болмаса да жаттаған, дертіне шипа болып жазылған. Жанарысқа жыл сайын қаралып, ем алып тұратын астаналық заң ғылымдарының докторы, профессор Раузахан Шуменованың айтуынша: «Атыраудан ергежейлі болып қалған Нұржан деген бала 2008 жылы Қыдыр атаға келіп, емделіп, шипа қонып, әлгі бала 130 сантиметрге бойы өсті. Жеті айдан соң бойы 190 сантиметрге ұзаруы, Қыдыр атаның тегін жан еместігін делелдесе керек». Көлік апатына түсіп, мидың екі тамыры үзіліп, кома жағдайында 18 күн жатқан ақтөбелік қазақ азаматы Жәкеңнің құдіретімен, ол кісінің музыка таспасын тыңдау арқылы орнынан тұрып, ешқандай дәрісіз біржолата жазылған. Ауруханадан «екі жеті ғана өмірің қалды, үйіңе бар» деп шығарып жіберген бір азаматты кеселінен құлан-таза айықтырған. Дыбыстық терапияны қолдану арқылы қарапайым сумен-ақ көптеген обыр ауруларын жазған, сал ауруынан айықтырған, омыртқа, сүйек-буын ауруларын, СПИД т.б. қатерлі ауруларды емдеп шығарған. Осының бәрінің сырына үңілсеңіз, Жанарыс медицинада емі табылмаған кейбір ауруларды Тәңірден келетін тылсым күшпен, адамның жанына дауа боларлық сөз құдіретімен жүйке жүйесіне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесіндегі ашылмаған қуат көздерін арқылы емдейді екен. Науқастың түсіне еніп, аян беру арқылы емдейтін әулиелігі бөлек әңгіменің арқауы. Жанарыс жалғыз емес. Қарауында көмекші болып бір топ інілері жұмыс істейді. Алаңсыз

емдеу ісімен айналысуына солар қол ұшын береді. Емделуге келген адамдардан міндетті түрде дәрігердің диагнозын талап етеді. Емделушілердің көптігіне байланысты емшіге аз қаражат түспейтін болса керек. Өзі туған Сексеуіл кентіне өз қаражатына 200 балаға арналған балабақша ашып берген. Дәл осындай балабақшаны Ақтөбе қаласында да салды. Жанарыстың Құдай берген қасиетін ресейліктер де бағалап, біліп, бой ұсыныпты. 2008 жылы Останкиноның бір топ өнер адамдары Қыдыр ата туралы «Киелілік міндет» атты деректі фильм түсіріпті. 2012 жылы қазақ, орыс, ағылшын тілінде «Әулие Жанарыс Жақсылықұлының рухани қабілет-күші» атты кітап жарық көрген. Жанарыс Еңсеповтің мұрағатынан алынып, сарапталған 4000-ға жуық пациенттердің арнайы дәрігерлік құжаттарымен дәлелденген, емі жоқ деген аурулардың сырқаттарынан таза айығып, өз қолдарымен жазған алғысхаттары және бейнетаспаларда баяндалған оқиғалардан тұратын, 2010 жылы 260 бет болып жарық көрген «Жандауа немесе емші Еңсепов феномені» деген де кітап жарық көрген. Құрастырған – Алпысбай Мұсаев. Бұдан басқа Алматыдағы «Дәуір кітап» баспасынан үш тілде «Жандауа – Жанарыс әулие» және «Тағылымға тағзым» атты кітаптар шыққан. Авторы – Елбасының сыныптасы, қаламгер Сәдуақас Есімбай. Бұдан басқа Ресейдің телеграф агенттігінің тапсырмасымен түсірілген бейнетаспа бар. Оған қоса ақын Шөмішбай Сариевтің «Ақынның Қыдыр атамен сыр-сұхбат кітабы» үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын тілінде «Дәуір – кітап» баспасынан 706 беттен тұратын қомақты кітап болып жарық көріп, Астанада Мәдениет және спорт министрінің қатысуымен салтанатты түрде тұсаукесері өткен. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын Шөмішбай Сариевті сөзге тартқанымызда, ақын:

– Осыдан алты-жеті жыл бұрын Алматыдағы «Балуан Шолақ» сарайында авторлық кешімді өткіздім. Сонда бір азамат менімен жақын келіп танысты. Ол осы Жанарыс екен, менің жерлесім, екеуіміз де Аралдың тумасымыз. Арғы аталарымыздан санағанда тегіміз бір. Содан келесі жылы ма екен, туған күні қарсаңында арнайы Ақтөбеге шақырды. Зайыбым екеуіміз бардық. Екі қабатты үйі мен емделушілерді қабылдайтын бөлек жайы бар екен. Сонда таңғалғаным, Қыдыр атаны туған күнімен құттықтауға келген халықтың қарасының аса көптігі. Ұзыннан ұзақ кезекте тұр. Қысқасы, туған күніне үш жүзге тарта адам жиналды. «Мың бала» кинофильмінің басты кейіпкері Сартай бабаның рөлінде ойнаған актер жігіт те қатысып, Сартай ата ұрпағына жүрекжарды лебізін жеткізді. Бір жылы Мәскеуден келген бір дөкейді емдеп жазған екен, Қыдыр атаны туған күнімен құттықтау үшін ол тікұшақпен парашютшілер жіберіпті, олар Қазақстан мен Ресей тулары бейнеленген, «Қыдыр ата, туған күніңмен» деген жазумен аспаннан түсті. Қыдыр ата атанған Жанарыс емші қолына аса таяқ ұстап, аппақ киініп, ерекшеленбейді. Қарапайым. Сөзге жоқ, нағыз істің адамы. Мен оның емшілік, көріпкелдік қасиетіне тәнті болып, әбден мойындадым» дейді. Қыдыр ата атанған емші бала кезінен байсалды болыпты. Емшілікті Құдай берген қасиетім дейді. Жанарыстың бала кезінде көз алдынан кетпейтін бір оқиға болыпты. Туған апасын өз үйінің алдында өлтіріп кетеді. Бала Жанарыс жанына жақындағанда, өліп жатқан туған апасының екі көзінің де жұмылмай қалғанын көреді... Сол түнді мазасыздықпен өткізген Жанарыстың үш күн бойы көзі көрмей қалады. «Сен адамдарды емдеуің керек, әйтпесе, жарық дүниені мүлдем көрмей қаласың» деген дауыс құлағының түбінен кетпей қояды. Осылайша, күндердің күнінде көріпкелдік қасиеті оянып, отыз жасында емшілік жолға түседі. «Адамның ми мен жүйке тамырының қызметі бұзылғанда, оны емдеуге дәрігерлердің де шамасы келмейді. Көріпкел, тәуіптердің араласатыны сондықтан. Сондай кезде біздің көмегіміз аса қажет. Тәуіптің бір жақсысы – дертке дерт қоспағаны» деп айтқандай, дертке дерт қоспай емдеп алып шығу – біз үшін де қуаныш, сырқаттың қуанышында шек болмайтыны онсыз да белгілі. Емшінің басты қаруы – сөз. Әсерлі сөз де – дертке шипа. Әрбір адамды көз жұмып, терең толғанысқа еніп, тылсымға қарай оймен жүзем де көп нәрсені көріп білемін. Ажырата аламын, өз тұжырымымды жасаймын. Баланың тұсауы кесілмесе де қиын болады. Арғы бабаларының күнәларының кесірі тиюі мүмкін. Әр адам өз ауруын зерттеу керек. Әуенмен де ем жібере аламын. Барлық нәрсеге шын ниет керек. Шын ниетпен келсе ғана ем болады. Тамыр ұстамаймын, адамның бетіне қарап көктен келген ойымды айтамын» дейді емшінің өзі. Медицинада неше түрлі ғылыми жаңалықтар күн санап ашылып жатыр. Неше түрлі сезімтал жаңа техникалық қондырғылар енгізілуде. Соған қарамастан, дәрігерлердің де шамасы келмейтін кеселдер бар. Сондайда дертіне дауа іздегендер Жанарыс

секілді білгір халық емшісіне асығады. Емделіп, ауруларынан айығып та жатыр. Оның құпиясын бір сөзбен түсіндіре алмаймыз. Халықтың сүйіктісі атанған Қыдыр ата емінің құпиясын ашу болашақ ғылымның еншісі болса керек.

**Төреғали ТӘШЕНОВ**